

ISSN (Print) 2616-678X  
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы  
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**  
**PHILOLOGY** Series

**№1(126)/2019**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2019

Astana, 2019

---

---

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

**Редакция алқасы**

|                       |                                 |
|-----------------------|---------------------------------|
| Аскер оғлы Рамиз      | Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)      |
| Ақматалиев Абдылдажан | Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)      |
| Бахтикиреева Улданай  | Ф.ғ.д., проф. (Ресей)           |
| Беженару Людмила      | Ф.ғ.д. проф. (Румыния)          |
| Бейсембаева Жанаргүл  | Ф.ғ.к., (Қазақстан)             |
| Біжкенова Айгүл       | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)       |
| Жақыпов Жантас        | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)       |
| Журавлева Евгения     | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)       |
| Жаң Динжиң            | PhD, проф. (Қытай)              |
| Ескеева Мағрипа       | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)       |
| Ержласун Гүлжанат     | PhD, ассоц. проф. (Түркия)      |
| Қасқабасов Сейіт      | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)       |
| Негимов Серік         | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)       |
| Нұрғали Қадиша        | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)       |
| Нуриева Фануза        | Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)   |
| Райхл Карл            | Ф.ғ.д., проф. (Германия)        |
| Рахманов Носимхан     | Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)       |
| Риверс Уильям Патрик  | PhD, проф. (АҚШ)                |
| Сәтенова Серікгүл     | Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)        |
| Султанов Казбек       | Ф.ғ.д., проф. (Ресей)           |
| Тәжібаева Сәуле       | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)       |
| Хисамитдинова Фирдаус | Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан) |
| Чернявская Валерия    | Ф.ғ.д., проф. (Ресей)           |
| Шәріп Амантай         | Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)       |
| Шәріпова Гүлбану      | Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан) |
| Экиджи Метин          | PhD, проф. (Түркия)             |
| Янковский Генрих      | PhD, проф. (Польша)             |

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**  
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК  
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.  
Мерзімділігі: жылына 4 рет.  
Тиражы: 35 дана  
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

**Editorial board**

|                        |  |
|------------------------|--|
| Asker ogly Ramiz       | Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)        |
| Akmataliyev Abdildajan | Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)        |
| Bakhtikireeva Uldanai  | Doctor of philology, Prof (Russia)             |
| Beisembayeva Zhanargul | Can. of philology, (Kazakhstan)                |
| Bezhenaru Lyudmila     | Doctor of philology, Prof (Romania)            |
| Bizhkenova Aigul       | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)        |
| Chernyavskaya Valeriya | Doctor of philology, Prof. (Russia)            |
| Erzhiasun Güljanat     | PhD, assos. Prof (Turkey)                      |
| Yeskeyeva Magripa      | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)        |
| Henryk Jankowski       | PhD, Prof. (Poland)                            |
| Kaskabassov Seit       | Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)         |
| Khisamitdinova Firdaus | Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan) |
| Metin Ekiji            | PhD, Prof. (Turkey)                            |
| Negimov Serik          | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)        |
| Nurgali Kadisha        | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)        |
| Nurieva Fanuza         | Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)     |
| Reichl Karl            | Doctor of philology, Prof. (Germany)           |
| Rakhmanov Nasimhon     | Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)        |
| Rivers William Patrick | PhD, Prof. (USA)                               |
| Satenova Serikkul      | Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)         |
| Sultanov Kazbek        | Doctor of philology, Prof. (Russia)            |
| Sharip Amantay         | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)        |
| Sharipova Gulbanu      | Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)   |
| Tazhybayeva Saule      | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)        |
| Zhakypov Zhantas       | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)        |
| Zhang Dingjing         | PhD, Prof. (China)                             |
| Zhuravleva Yevgeniya   | Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)        |

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Astana, Kazakhstan, 010008  
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)  
**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

**Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

**Редакционная коллегия**

|                       |                                  |
|-----------------------|----------------------------------|
| Аскероглы Рамиз       | д.ф.н., проф. (Азербайджан)      |
| Акматалиев Абдылдажан | д.ф.н., проф. (Киргизстан)       |
| Бахтикиреева Улданай  | д.ф.н., проф. (Россия)           |
| Беженару Людмила      | д.ф.н., проф. (Румыния)          |
| Бейсембаева Жанаргуль | к.ф.н., (Казахстан)              |
| Бижкенова Айгуль      | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Жакыпов Жантас        | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Жан Динжин            | PhD, проф. (Китай)               |
| Журавлева Евгения     | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Ескеева Магрипа       | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Ержласун Гульжанат    | PhD, ассоц. проф. (Турция)       |
| Каскабасов Сейит      | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Негимов Серик         | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Нургали Кадиша        | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Нуриева Фануза        | д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)    |
| Райхл Карл            | д.ф.н., проф. (Германия)         |
| Рахманов Насимхон     | д.ф.н., проф. (Узбекистан)       |
| Риверс Уильям Патрик  | PhD, проф. (США)                 |
| Сатенова Серикгуль    | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Султанов Казбек       | д.ф.н., проф. (Россия)           |
| Тажибаева Сауле       | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Хисамитдинова Фирдаус | д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан) |
| Чернявская Валерия    | д.ф.н., проф. (Россия)           |
| Шарип Амантай         | д.ф.н., проф. (Казахстан)        |
| Шарипова Гульбану     | к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)  |
| Экиджи Метин          | PhD, проф. (Турция)              |
| Янковский Хенрих      | PhD, проф. (Польша)              |

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К.Сатбаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

---

---

## Мазмұны

### *Фольклор және әдебиеттану*

|  |     |
|--|-----|
| <i>Аймұхамбет Ж.Ә., Қараханқызы Ұ.</i> Мета­мәтін құрылымындағы мифтік символика .....   | 8   |
| <i>Айтуғанова С.Ш., Дәулетова А.А.</i> Дала патшайымдары туралы аңыз бен ақиқат ...  | 16  |
| <i>Аққұлы С.</i> Алаш мемлекеттік армиясының құрылуы хақында .....   | 24  |
| <i>Доскеева Ш.А.</i> Ә.Нұршайықовтың эпистолярлық мұрасы .....   | 39  |
| <i>Дәуітова Г.Р., Сұлтан Е., Мейрамбекова Л.К.</i> Көне эпостағы мифтік кейіпкерлер .....  | 46  |
| <i>Еслям А.Б., Алтысбаев Қ.Қ.</i> З.Ахметов зерттеуіндегі Абайдың шығармашылық мұрасы .....  | 54  |
| <i>Жүсіпов Н.Қ., Ибраева А.Т.</i> Бекмұрат Уақатов зерттеулеріндегі халық өлеңдерінің жанрлық жіктелуі .....   | 61  |
| <i>Қасқабасов С.А.</i> Томирис – «Мәңгілік ел» идеясының символы .....   | 69  |
| <i>Кемеңгер Қ.Р., Діл­дә Ж.Р.</i> М.Мырзахметұлы Бауыржан Момышұлы жайында ....  | 77  |
| <i>Өскен Ә.М., Қамзабекұлы Д.</i> Алаштану: текстологиялық жауапкершілік туралы (Ә.Н. Бөкейханның «Жаңа мектеп» журналында жарияланған мақалалары) ..... | 84  |
| <i>Садықова Р.Т.</i> Халел Ғаббасов: өмір мен өріс мектептері .....  | 94  |
| <i>Химмат Сайед Әли әш-Шазли</i> Орыс әйелдерінің қайғылы тағдыры – орыс адамының дара тұлғасы (Е.Чи­жованың «Әйелдер уақыты» романы негізінде) .....    | 104 |

### *Лингвистика*

|   |     |
|---|-----|
| <i>Әбдуәліұлы Б., Көшкінбай Д.</i> Қазақ лексикасындағы құқықтық ақпараттарды зерттеудің жалпы мәселелері .....                                   | 120 |
| <i>Әубәкір С.С., Біжкенова А.Е.</i> Поэтикалық дискурстың ерекшеліктері .....   | 127 |
| <i>Досжан Р.А.</i> Тарихи түбірлердің сөзжасамдық қабілеті .....  | 135 |
| <i>Ақжигитова А., Елегенова М., Жанзакова А.</i> Қазақстанның лингвистикалық ландшафтындағы көптілділік белгілері (Астана қаласы негізінде) ..... | 142 |
| <i>Сарсикеева Г.К., Байоразова Ж.К.</i> Абайдың 38-інші сөзін орыс және ағылшын тілдеріне аудару: салыстырмалы анализ .....                       | 150 |
| <i>Сейидова С.</i> Әзірбайжан, ағылшын және орыс тілдеріндегі «Жас» концептісі және оның идиоматикалық өкілдігі .....                             | 157 |
| <i>Сыздықова Г.О., Шолақова А.К.</i> «Ер Төстік» ертегісінің лингвосомиотикалық аспектісі .....   | 165 |

### *Тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі*

|   |     |
|---|-----|
| <i>Баекеева А.Т., Тәжібаева С.Ж.</i> Тау-кен саласындағы халықаралық терминдерді аудару .....   | 173 |
| <i>Ниязова А. Е., Мукатова М.Н.</i> Көптілді ортада шет тілінде сөйлеудің мультилингвалды әрекетін қалыптастыру .....                               | 183 |
| <i>Смағұлова А., Мұхаметқалиева Г., Балтабаева Г.</i> Сөздерді құрылымдық ұйымдас­тыру (ағылшын және қазақ тілдеріндегі «мұнай газы» термині) ..... | 191 |

---

---

## Contents

### *Folklore and Literary Studies*

|   |     |
|---|-----|
| <i>Aimukhambet Zh.A., Karakhankyzy U.</i> Mythical symbolism in the structure of metatext .....   | 8   |
| <i>Aituganova S.Sh., Dauletova A.A.</i> The legend and truth about the steppe queens .....  | 16  |
| <i>Akkuly S.</i> About the creation of the Alash state army .....   | 24  |
| <i>Doskeyeva Sh.A.</i> A.Nurshaikhov's contribution to the epistolary genre .....   | 39  |
| <i>Dautova G., Sultan Y., Meirambekova L.K.</i> Mythical characters in the archaic epos .....   | 46  |
| <i>Yeslyam A.B., Alpysbayev K.K.</i> Abai's heritage in Z. Akhmetov's research .....  | 54  |
| <i>Jysipov N.K., Ibrayeva A.T.</i> Genre classification of folk poems in Bekmurat Uakatov's researches .....  | 61  |
| <i>Kaskabasov S.A.</i> Tomiris - Symbol of the Concept of «Мәңгілік ел» .....   | 69  |
| <i>Kemenger K.R., Dilda Zh.R.</i> M. Myrzakhmetuly is about Baurzhan Momysuly .....   | 77  |
| <i>Osken A.M., Kamzabekuly D.</i> Alash studies: on textual responsibility (Articles by A.N. Bokeykhan, published in «Zhana mektep») journal .....                            | 84  |
| <i>Sadykova R.T.</i> Khalel Gabbasov: School of life and development .....  | 94  |
| <i>Himmat Sayed Ali ash-Shazli</i> The Tragic Fate of the Russian Women and the Symbol of the Russians Identity (According to the Novel by E. Chizhova «Time of Women») ..... | 104 |

### *Linguistics*

|   |     |
|---|-----|
| <i>Abdualiuly B., Koshkinbay D.S.</i> General problems of studying legal information in Kazakh lexicon .....                                | 120 |
| <i>Aubakir S.S., Bizhkenova A.Ye.</i> Features of Poetic Discourse .....  | 127 |
| <i>Doszhan R.A.</i> Word-building ability of historical roots .....   | 135 |
| <i>Akzhigitova A., Yelegenova M., Zhanzakova A.</i> Multilingual signs in the linguistic landscape of Kazakhstan (the case of Astana) ..... | 142 |
| <i>Sarsikeyeva G.K., Baiorazova Zh.K.</i> Translation of Abays 38 <sup>th</sup> word info Russian and English: comparative analysis .....   | 150 |
| <i>Seyidova S.</i> The concept of "Age" and its idiomatic representation in the Azerbaijani, English and Russian languages .....            | 157 |
| <i>Syzdykova G.O., Sholakova A.K.</i> Linguosemiotic Aspect of Fairy Tales .....  | 165 |

### *Methods of teaching language and literature*

|  |     |
|--|-----|
| <i>Bayekeyeva A.T., Tazhibayeva S.Zh.</i> Translating International Terms for Mining Industry .....                                    | 173 |
| <i>Niyazova A. E., Mukatova M.N.</i> Formation of foreign language speech activity in a multilingual environment .....                 | 183 |
| <i>Smagulova A., Mukhametkaliyeva G., Baltabayeva G.</i> Structural organization of words («Oil gas» term in English and Kazakh) ..... | 191 |



---

---

## Содержание

### *Фольклор и литературоведение*

|   |     |
|---|-----|
| <i>Аймухамбет Ж.А., Караханкызы У.</i> Мифическая символика в структуре метатекста .....  | 8   |
| <i>Айтуганова С.Ш., Даулетова А.А.</i> Легенда и правда о степных королевах .....   | 16  |
| <i>Аккулы С.</i> О создании Алашской государственной армии .....  | 24  |
| <i>Доскеева Ш.А.</i> Эпистолярное наследие А. Нуршаихова .....  | 39  |
| <i>Даутова Г.Р., Султан Е., Мейрамбекова Л.К.</i> Мифические персонажи в архаическом эпосе .....  | 46  |
| <i>Еслям А.Б., Алтысбаев К.К.</i> Творческое наследие Абая в исследованиях З.Ахметова .....   | 54  |
| <i>Жусипов Н.К., Ибраева А.Т.</i> Жанровая классификация народных стихов в исследованиях Бекмурата Уакатова .....                                       | 61  |
| <i>Каскабасов С.А.</i> Томирис – символ вечной идеи «Мәңгілік ел» .....   | 69  |
| <i>Кеменгер К.Р., Дильда Ж.Р.</i> М. Мырзахметулы о Бауржане Момышулы .....   | 77  |
| <i>Оскен А.М., Камзабекулы Д.</i> Алашоведение: о текстологической ответственности (Статьи А.Н.Бокейхана, опубликованные в журнале «Жана мектеп») ..... | 84  |
| <i>Садыкова Р.Т.</i> Халел Габбасов: Школа жизни и развития .....   | 94  |
| <i>Химмат Сайед Али аш-Шазли</i> Трагическая судьба русских женщин – символ идентичности русского человека (по роману Е.Чижовой «Время женщин») .....   | 104 |

### *Лингвистика*

|   |     |
|---|-----|
| <i>Абдуалиулы Б., Кошкинбай Д.</i> Общие проблемы изучения правовой информации в казахской лексике .....                      | 120 |
| <i>Аубакир С.С., Бижекенова А.Е.</i> Особенности поэтического дискурса .....  | 127 |
| <i>Досжан Р.А.</i> Словообразовательные важности исторических корней .....  | 135 |
| <i>Акжигитова А., Елегенова М., Жанзакова А.</i> Многоязычные знаки в языковом ландшафте Казахстана (на примере Астаны) ..... | 142 |
| <i>Сарсикеева Г.К., Байоразова Ж.К.</i> Перевод 38-го слова Абая на русский и английский языки: сравнительная анализ .....    | 150 |
| <i>Сейидова С.</i> Концепт «Возраст» и его идиоматическое представление на азербайджанском, английском и русских языках ..... | 157 |
| <i>Сыздыкова Г.О., Шолакова А.К.</i> Лингвосемиотический аспект волшебных сказок .....  | 165 |

### *Методика преподавания языка и литературы*

|  |     |
|--|-----|
| <i>Баекеева А.Т., Тажибаева С.Ж.</i> Перевод интернациональных терминов горно-рудной промышленности .....  | 173 |
| <i>Ниязова А.Е., Мукатова М.Н.</i> Формирование иноязычной речевой деятельности в мультилингвальной среде .....                                  | 183 |
| <i>Смагулова А., Мухаметкалиева Г., Балтабаева Г.</i> Структурная организация слов (термин «нефтяной газ» в английском и казахском языках) ..... | 191 |

FTAMP 17.71.07

Н.Қ. Жүсіпов, А.Т. Ибраева<sup>1</sup>

С.Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар, Қазақстан

(E-mail: <sup>1</sup>aikohphd@gmail.com)

### Бекмұрат Уақатов зерттеулеріндегі халық өлеңдерінің жанрлық жіктелуі

**Аңдатпа.** Халық өлеңдерінің өзіндік тарихы, қалыптасу, даму жолдары бар екені, оның әр дәуірде әр түрде болатындығы - бүгінгі күнде күмән туғызбайтын ақиқат. Қазақ халық өлеңдері шеңберіндегі фольклористика - әдебиеттің бастауы бола тұра, өзіндік қасиеттерге де бай. Өткен ХХ ғасырдың өзінде-ақ қазақ фольклорының тарихи кезеңдерін қарастыруға ұмтылыс болды. Осы ретте фольклортанушы Бекмұрат Уақатов ұлттық халық өлеңдерінің типологиясын хронологиялық тұрғыда зерделеуі фольклортану ғылымына қосылған зор үлес деп білеміз. Осы орайда аталмыш мақалада ғалымның халық өлеңдерінің жиналуы мен зерттелу жағдайы туралы ғылыми ой-пайымдары қарастырылады. Оның зерттеулеріндегі халық өлеңдерінің жанрлық сипатын таныту шеберлігі мен халық өлеңдерін жүйелеу мәселесінің ерекшелігін көрсетудегі еңбегіне талдау жасалынады.

**Түйін сөздер:** қазақ халық өлеңі, тұрмыс-салт жырлары, типология, эпостық бейне, көркемдік ерекшелік, фольклортану.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-126-1-61-68>

**Кіріспе.** Қай ұлтты алсақ та оның өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күн-көрісі, әдет-ғұрпы, салты болатындығын білеміз. Мұның бәрі сол халықпен бірге жасасып, оның тарихына өзінше үлес қосып жүретіндігін байқаймыз. қоғамдық өмірдің, эканомикалық жағдайлардың ілгерілеп дамуына байланысты, халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, сана-сезімі, дүниеге көзқарасы, т.б. өзгеріп отырады. Бір заманда туып, бертін келе, көп уақыт бойына қалыптасқан, белгілі жүйеге түскен, дағдыға айналған тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып, салт-сана, алғашқы мазмұнын біртіндеп жоғалта да бастайды. Бұлардың орнына қоғамдық-таптық тілек жағдайларына сәйкес жаңа мазмұн, түр туады. Демек, қоғамдық және экономикалық жағдайлар, олардың дамуы ертеден келе жатқан, қалыптасып қалған тұрмыс-тіршілікке, әдет-ғұрып, салтқа өз әсерін тигізді, жаңа мазмұнда өзгеруіне, бұрынғы қалпын біртіндеп жоғалтуына ықпал жасайды.

Бұл айтылғандарды қазақ халқының тарихынан да кездестіруге болады. қазақ халқының экономикалық және таптық, қоғамдық жағдайлары, олардың дамуы, өзгеріп отыруы халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпы мен салт-санасына көптеген жаңалықтар енгізді. Белгілі бір дәуірде дағдыға айналған және сол кездегі адамдардың ой-санасын, оның шама-шарқын білдіретін әдет-ғұрып, тұрмыс-салты әр кездес әр түрлі ретпен өзгеріп, дамып отырғандығын көреміз. Мұны біз, әсіресе ұлтымыздың ауыз әдебиетінен аңғарамыз.

**Мәселенің зерттелуі.** Қазақ Елінің өткендегі тарихын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын жақсылап зерттейміз десек, оны дұрыстап түсінеміз десек, ауыз әдебиетін білуге тиістіміз. Қазақтың ауыз әдебиетінде халқымыздың өткендегі тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрып, салтын елестететін шығармалар өте көп. Бірақ олардың көпшілігі ерте заманда ауызша туып, көпшілікке ауызша тарағандықтан, өзінің айтылу үрдісінде әр түрлі өзгерістерге ұшырады, Алғашқы түп нұсқасын таза өз күйінде сақтай алмай, жоғалтып та алды. Сондықтан біз халықтың тұрмыс-салтына байланысты туған шығармалардың қайсысы ерте, қайсысы, кеш шыққандығын белгілей алмаймыз. Бұл мәселе негізінде ауыз әдебиеті қазынасын жаңғыртып, ұлттық мұрағат негізі болатын уақыт келді. Оның үстіне қазақ халқының тұрмыс-салтын баяндайтын, қай кезде қандай әдет-ғұрпы болғандығын, олар қалай дамығандығын, қай жерде қандай түрлері туғандығын көрсететін зерттеулер жоқтың қасы.



Рас, бұл мәселелер жайында Ш. Уәлихановтың, академик В. Бартольдтың біраз айтқан пікірлері бар. Бірақ олар қазақтың әдет-ғұрпын, салтын тереңінен тексеріп, тарихи даму жолдарын, әдет-ғұрыптың қай кезде қандай түрі пайда болғандығын және осыған байланысты туған ауыз әдебиеті үлгілерін арнайы зерттемеген еді.

Сондықтан да біз ғылымда шешілмеген, әлі анықталмаған мәселелерді ұлттық көзқараста қайта бағамдап көріп, зерттеу айналымында қарастыруды қажет деп таптық. Біздің мақсатымыз: тұрмыс-салтқа байланысты туған және ауыз әдебиетінің ұсақ түрлеріне жататын шығармалардың шығу, даму тарихын баяндау емес, олардың кейбіреулерін жанрлық көркемдік жағынан ерекшелігін таныту. Осы ретте фольклорист ғалым Бекмұрат Уақатов үлкен зерттеу жүргізіп, өзінің «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» атты монографиясы мен «Қазақтың халық өлеңдері» атты сүбелі еңбегінде қазақтың тұрмыс - салт өлеңдерінің танымдық дәрежесін көрсетеді.

**Мәселенің талдануы мен талқылануы.** Фольклорист ғалым Бекмұрат Уақатов дәлелді зерттеулер жүргізе отырып, оны туыстық тарихы тереңде жатқан қырғыз, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қарашай алтай халықтарының жырларымен салыстырған. Бұл ретте автор кеңестік фольклортану ғылымында кең қолданып жүрген ұқсастықтың үш түрлі типін таратып, оны қалай түсініп, қалай іске асырудың нақтылы жолдарын ұсынған. Сондай-ақ сюжеттік ситуацияның ролі, композициялық құрылымы, оның жасалу жолдары мен түрлері, дәстүрлі қайталаулар мен тұрақты формат-формулардың көркемдік ерекшеліктері анықталған. Фольклорист ғалым Бекмұрат Уақатов бұл ретте тұрмыс-салт жырларының, халық өлеңдерінің поэтикасын тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеудің нәтижесінде бұл жанрдың шығу тегіне, оның көне үлгілері даму кезеңдеріне арнайы талдаулар жасайды.

Қазақтың қазан революциясына дейінгі ауыз әдебиетінде халықтың тұрмыс-салтына байланысты туған шығармалардың түрлері бар. Соның ішінде бастылары мыналар:

1. Төрт түлік мал, еңбек-кәсіп жайындағы.
2. Үйлену салтына байланысты.
3. Діни үйлмға байланысты.
4. Көңіл-күйін білдіретін шығармалар.

Шартты түрде болса да, осындай, төрт салаға бөлінген шығармалардан қазақ халқының ертедегі тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, діни ұғымдары, арман-мүддесі қандай екендігін аңғаруға болады. Осындай еңбектері арқылы халық өзінің өткендегі өмірін елестетеді, қуанышы мен тілегін, қайғысы мен мұңға, басынан кешкен тұрмыс күйін суреттейді; халыққа үстемдік еткен, еңсесін түсірген, езіп қанаған тапқа, оның әдет-заңына, әлсіз түрде болса да, қарсылық айтылады, соны сынап-мінеп отырады. Сонымен қатар, халық осы алуандас әңгіме-жыр, ертегілерінде адал еңбекті, еңбек етуді мадақтайды.

Қазақ халқының ертедегі күн-көрісі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы төрт түлік малға байланысты болғандығы ауыз әдебиетінен белгілі орын алды, ол көптеген шығармаларға тақырып, мазмұн болды десек, сонымен қатар, халықтың психикасына, сезім дүниесіне, тіліне де әсер етті. Әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиевтің айтуына қарағанда: “Мал бағып күн көрген ертедегі адамдар өзі жасаған ауыз әдебиетінде ең жақсы образ, теңеулерді әр түрлі жануарлардың өмірінен алып отырған. Бұған, -дейді Қ. Жұмалиев,- екі себеп бар, біріншіден, төрт түлік ғасырлар бойы адамның ой-санасынан ұнамды орын алған; екіншіден, төрт түліктің қайсысы болса да көпке белгілі, сол белгілі нәрсе арқылы белгісіз нәрсені елестеткен”. Осы пікірді қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымның бірі Б.Кенжебаев та айтады: «Қазақ халқы, -дейді Бейсенбай Кенжебаев.- малға сыр мінез. Адамның келбетін, түсін, сиқын, жақсы-жаман мінезін, қылығын айқындап көрсету үшін, оны малдың мүшелеріне, мінезіне салыстырады, сөйтіп, әртүрлі теңеулер жасайды».

Қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан әдет-ғұрып салтының бәрі де оның ауыз әдебиетінен орын алған. Мұны ол ескі кездің елесі есебінде кейінгі жас ұрпаққа халық өлеңі арқылы жеткізген. Қазақтың ескі әдет-ғұрып, салтында елеулі орын алған нәрселердің ішіне наңыз-әңгіме, өлең-жырға қосылмағаны жоқ деуге болады. Адамның тууынан бастап, қартайғанға дейінгі өмірі, тұрмысында кездескен, басынан өткен жайларының бәрі де ауыз әдебиетінде суреттелген. Жаңа туған жас балаға арнап “шілдеhana”, алғаш рет жолға шықса “тоқым қағар” деген секілді ырымдар жасалған. Осының бәрі ойын-саулық, өлең түрінде өткен және олар қазақтың жалпыға бірдей салтына айналған.

Халық өлеңдерін айту оңай болғанымен, шығаруы оңай емес. Ол ақынның ақындық өнерді талап етумен қатар, фантазияның мол болуын қажет етеді. Өйткені өлең, оның сюжеті қиыннан құрастырылуды, түймедей нәрсені түйедей етіп, болмаса, керісінше, түйедей нәрсені түймедей етіп көрсетуді тілейді. Бұл өлеңдер суреттелетін нәрселердің бәрі адамның көз алдындағы заттардан, нақтылы шындықтан, жалпыға түсінікті көріністерден алынады. Бірақ олардың ісі, қарым-қатынасы, атқаратын қызметі шындыққа келмейтін, адам сенбейтін жағдайда суреттелуі керек. Сонда ғана ол халықтың өлеңдік дәрежесіне жетеді. Бұл жағынан алғанда қазақ алдына жан салмаған талантты ұрпақтың баласы.

Халықтық өлеңдер айтайын деген ойын, суреттейтін деген көріністерін тыңдаушыға әсірелеу, бейнелеу, шендестіру арқылы жеткізіп отырады. Осы ретпен ол неше түрлі картиналар, образдар жасайды. Суреттелген көріністер бәрі де әсірелеу, шендестіру ретімен берілген. Бір нәрсені екіншісіне салыстыра отырып әдемі образдар жасаған. Сонымен қатар нақтылы шындықтан алынған жанды-жансыз деректерді тыңдаушыға қызық, күлкілі немесе ащы шындықпен жеткізген. Бұлардың бәрін жыршы-ақын өз атынан, өзін қатыстыра айта отырып, адам сенбестік күлкілі әңгімелер немесе поэзиялық жырлардан тудырған. Нақтылы деректерді мол шеберлікпен үдеген фантастикалық дәрежеге жеткізу, адамының ойына келмейтін “өтірік” немесе шындық шарайнасы негізінде әңгімеге айналдыру қазақ ауыз әдебиетіндегі халықтық өлеңдер түрінің негізгі бір ерекшелігі болып табылады.

Қазақтың қыз ұзату, келін түсіру, жастарды үйлендіру салтына байланысты туған ауыз әдебиетінің ұсақ түрлерін талдамастан бұрын, сол салт туралы аздаған деректер бере кеткен жөн. Өйткені, мұндай өлеңдердің көпшілігі сол ескі әдет-салттың және оны шығарушылардың идеясын білдірген.

Арғы шыққан уақытын, нақтылы туған мезгілін және қай дәуірде қалай дамығандығын дәлелдеп көрсете алмағанмен, қазан революциясына дейін қазақта үйлену салтының бірнеше түрінің болғаны мәлім. Бұл ретте фольклорист ғалым Б. Уақатов көңіл аударарлықтай біраз фактілер келтіреді. Оның пікірінше қазақтардың ертедегі тұрмысында құда болу, қыз ұзатып, келін түсіру әдет-салты халық ортасында туған, бұл салтты сол кездерде билік еткен үстем тап та пайдаланып, оны ақсақалдық-рушылдық жол-жоба заңына айналдырған, өздерінің мүдделік идеясын қосқан.

Қазақтың қыз ұзату, келін түсіру — жастарды үйлендіру салтына байланысты туған және соларды елестететін өлеңдердің бірнеше ұсақ түрлері бар. Олардың қайсысы болса да әр кездің жағдайына қарай өзгеріп, дамып отырған. Сонымен қатар, ол өлеңдер арқылы белгілі қоғамдық ортаның, таптың идеясы, көзқарасы білдірілген. Осы аталған өлеңдердің тобына жататын “Той бастар”, “Жар-жар”, “Сыңсу”, “Беташар” т. б. өлеңдерінің халықтық жақтары болумен қатар, халықтың тілегіне қайшы келетін, кері тартпа сипаты барларын да есте ұстау керек. Бұларды сын көзімен қарап талдау қажет. Бұл ретте ғалым Орта Азия халықтарының тұрмыс-салт жырларында да осындай сарын болғанын дәлелдейді.

Мәселен, Қарақалпақ, қырғыз елдерінде той бастар өлеңінің осылай басталатын үлгілерінің қайсысын алсақ та, мазмұны жағынан бір-біріне ұқсас келеді. “Сәрсенбінің сәтті күні той жасаған” адамға “құтты болсын” айтудан басталған той бастар өлеңдері өз кезіндегі әдет-ғұрып, салт бойынша, әңгімені ұзатылатын қыз жағына қарай да ауыстырады. қызға

да айтары: “ата-ананың жолы осы”, соған көн, көңіліңе қайғы алмай аттан деу. Той бастар өлеңдерінің бәрінде кездесетін және мадақтап, мақтау түрінде айтылатын негізгі идея осылай болып отырады. Мұнымен қатар, той бастар өлеңдерінің кейбіреулерінде той иесінің сән-салтанатын, ойын-сауығын, байлық-бақытын жер-көкке сыйғызбай мақтаушылық, ол адамды бүкіл ел-жұрты жарылқаушы есебінде көрсетушілік те кездеседі. Мұндай дәріптеулер, асыра мақтаулар байлардың тілегінен туған.

Той бастаушының екінші бір міндеті — “жаршылық” қызметін атқару. Той бастар өлеңін кейде арнаулы “жаршылар” да айтқан. Олар: “Жарандар-ау, жарандар, құлағыңды бері сал...” деп тойдың тәртібін, ендігі жерде қандай ойын-сауық, қызықтар болатындығын, той иесінің немесе басқалардың жариялайтын қандай сөздері барлығын хабарлап отырған. Той бастардың өлеңдері төрт жолды, он бір буынды, тілі халыққа түсінікті, біреуден біреудің жаттап алып айтып жүруіне әрі жеңіл, әрі ыңғайлы болып келеді.

Ертедегі адамдар жаратылыс дүниесін, табиғат-сырын білмегендіктен, әрбір күшті нәрсені жаратушы, жарылқаушы деп ұғынған. Сондай-ақ ертедегі адамдар өзіне түсініксіз болған жаратылыс құбылыстарына әр түрлі сырлы сөз, арбау, жалбарыну арқылы әсер етпек болған, мұның өзі халықтың ауыз әдебиетінен орын алған.

Бұл алуандас өлеңдер қазақ ауыз әдебиетінен де кездеседі және олар ескі заманнан келе жатқандығын, тіпті көптеген нұсқалары шамандық ұғымнан туғандығын аңғартады. Ертедегі адамдар жаратылыстың әртүрлі күшті құбылыстарын, мәселен, бұлтты, жауынды, дауылды, т.б. “кұдай”, “жаратушы” мағынасында ұғынған, бастарына қиыншылық түскен кезде сол “тәңірлеріне” жалбарынып, жәрдем сұрайтын болған. Мұны қазақтың “бұлт шақыру”, “күн жайлату” жайында шығарған жалбарыну өлеңдерінен немесе жылан, бүйі, қаракұрт шаққанда айтатын арбауларынан көруге болады. Әрине, бұлардың бәрі — ескі шамандық дәуірден қалған туындылар. Ол кездегі адамдар, бүгінгі ғылымда «адамзаттың балаң шағы» деп қаралатынын ескерсек, онда сол кезең адамдары өздерінің табынған “иелеріне” тіл қатып, тілек білдіру үшін олардың жан жүйесін босататын сырлы сөз деп өлеңді пайдаланған. Айтайын деген ойын шұбалаңдатпай, оралымды түрде жеткізу үшін ыңғайлы деп өлеңді қолданған. Аталған өлеңдер қалай болса солай, кез келген жерде айтыла бермеген. Олар белгілі бір қиыншылық, қауіп-қатерлі жағдайларға байланысты айтылған және оған әр түрлі ырымдар жасалған. Мұндай жағдайда айтылатын өлең де, жасалатын ырым да қасиетті деп саналған.

Қазақ ауыз әдебиетінде ескі шамандық ұғымға байланысты туған өлеңдердің бір тобы — “Күн жайлату”, “Бұлт шақыру” деп аталады. Бұл өлеңдер жауын-шашын болмай, құрғақшылық жағдайда ұшыраған кезде айтылған. Оларды айту үшін белгілі шарт, ырым жасалынған, қылаң не ақ боз мал сойылған. Ескі түсінік бойынша, аталған малдардың ішінде үлкендігі асықтай қызыл тас болады-мыс. Мұны “жай тас” деп атаған. Сол тасты алып, ішіне су құйылған бір ыдысқа салған, содан кейін жауын-шашын жіберетін құдайларға жалбарынған.

Ерте кезде өздерінің кәсіп-қызметін атқару үшін бақсылар поэзияны, ән-күйді мольнан пайдаланған. Осы негізде қазақтың ауыз әдебиетінде “бақсы сарыны” деп аталатын өлең-жыр, күйлер туған. Олардың біразын сол бақсылардың өздері шығарған. Бұл шығармаларын олар, көбінесе, ауру адамды не ауру малды емдемек болғанда немесе, “күн жайлатып, бұлт шақырғанда орындаған, “Бақсы сарыны” осындай жағдайда айтылатындықтан, бақсылар өздерін “аруақты”, “киелі” етіп көрсету үшін, жоғарыдағы жаратушымен “тілдесетін қасиеттері” барын білдіру үшін өлең, күй арқылы “жындарын” шақырған. Бұл ретте олар әр түрлі әдістер қолданған, жиналған жұрттың денесін түршіктіріп, қорқыныш-үрей салатын, зәресін ұшырататын құбылыстар жасаған, көздерін алартып, тістерін шақырлатып, аласұрған. Мұнымен қатар, олар адамның сезіміне әсер ететін күйлер тартқан, өздерінің “жындарын” адам қорқатын жәндіктер бейнесінде суреттеп өлеңге қосқан.

Қазақтың қоштасу өлеңдері тақырып жағынан алғанда әр алуан болып келеді. Туған ел-жұртымен, өсіп-өнген жер-суымен, ата-ана, ағайын-туысымен, өткен өмірімен, жолдас еткен өнерімен қоштасу — тұрмыс-тіршілікке, салтқа байланысты туған қазақ ауыз әдебиетінің белгілі тақырыбынан саналады. Аталған тақырыпқа шығарылған шығармалардың біразы бүкіл халықтың хал-жайын, соның көңіл-күйін білдірсе, енді біреулері жеке адамның көңіл күйін қозғайды. Қоштасу өлеңдері кейінгіге арналған ақыл-өсиет, нақыл түрінде айтылады. қоштасудың сөзі айтуға жеңіл, ұғып, жаттап алуға ыңғайлы келеді.

Тарихқа белгілі, 1723 жылы қалмақ шонжарлары қазақ еліне шабуыл жасап, соғыс ашты. Олар қазақтардың көптеген жерін, атамекен қонысын тартып алды, халықты қанға бояды. Осы жағдайда ата баладан, аға ініден, апа сіңіліден айрылды, ел басына ауыр қара түнек орнады. Мұндай жағдайда еріксіз душар болған қазақтар амалсыздан бұрынғы атамекенін тастап шықты. Бұл халге қатты қайғырып қиналған халық бұрынғы туып-өскен жерімен қоштасып, оны ащы зар, мұңға айналдырды, қоштасу өлеңдерін шығарды.

Қоштасу өлеңдеріне басты тақырып ретінде алынғаны және молырақ жырланғаны — адамның көңіл күйі. Адамның қартайып төсек тартқан шағында, артында қалып бара жатқан ұрпағына, ел-жұртына қоштасу ретінде айтатын ақыл-өсиеті, тілегі, өткен өмірімен тілдесуі болады. Немесе, арман еткен мақсатына жете алмаған адамның толқуға түскен, күйінішке ұшыраған кезі, үмітімен қоштасуы. Сол секілді, адамның қиын-қыспақ жағдайға түсуі және одан құтыла алмасына көзі жеткен соң, артындағы ағайын-туысына, халқына арнаған аманаты, олармен қоштасуы баяндалады. Бұл аталғандардың бәрі де адамның көңіл-күйін, іштегі шерін қозғайды, оны қоштасу арқылы шертеді.

Біз жоғарыда қазақ халқының өткендегі тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрып салтына байланысты туған ауыз әдебиетінің ұсақ түрлерімен танысып өттік. Бұл шығармалардың қайсысы болса да өзінің ұзақ заманға созылған қалыптасу, даму процесінде әр түрлі қоғамдық, таптық електерден өтіп, солардың көзқарастарын бойына жинай жүргенін де байқадық. Бұл жағдай аталған шығармалардың идеясына, мазмұнына әр түрлі әсер еткен, кейбіреулерінде халық тілегіне қиғаш келетін қайшылықтар бар екендігін аңғартады. Сондықтан да біз оларды енді оқығанда ауыз әдебиетінің қандай жағдайда туғандығын, қай бағытта және қалай қалыптасып дамығандығын ескеруге тиістіміз. Ауыз әдебиетін халықтың тарихынан бөліп алмай, қайта, онымен байланыстыра қарауға, халықтың әр кездегі материалдық-қоғамдық жағдайларымен ұштастыра отырып баяндауға тиістіміз.

